

Аудандағы халықтың нысаналы топтарының жұмыссыз азаматтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 12 ақпандағы N 23 /2 қаулысы. Павлодар облысы Павлодар ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 6 наурызда N 106 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 07 ақпандағы N 52/2 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2012.02.07 N 52/2 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5-4) тармақшасына, 18-1 бабына сәйкес, нысаналы топтардағы жұмыссыздардың жұмыспен қамтылуы мақсатында аудан әкімдігі ҚАУЛЫ
Е Т Е Д І :

1. Халықтың нысаналы топтары ішінен жұмыссыздарға жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік жұмыс орындарын жарым-жартылай еңбекақы төлеу шартымен ұйымдастырылсын.

2. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне нысаналы топтардағы жұмыссыз азаматтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарына ұйымдастыру шарттарын жасасу жүктелсін.

3. Нысаналы топтарға жататын қосымша адамдар тізілімі 1- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібі 2- қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Аудандағы нысаналы топтарынан жұмыссыз азаматтары үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру туралы қоса беріліп отырған Нұсқаулық бекітілсін.

6. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыру бөлінген қаражат шегінде аудан бюджетінен қамтамасыз етілсін.

7. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің еңбек жалақасы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы "2009 жылға арналған Республикалық бюджет туралы" Заңымен бекітілген ең төмен мөлшерлі айлық жалақысы мөлшерінде белгіленсін.

8. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-11-22 болып тіркелген, 2006 жылғы 2 наурыздағы "Нива" газетінде жарияланған аудан әкімдігінің 2006 жылғы 15 ақпандағы "Аудан халқының нысаналы топтары туралы" N 54/2, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-11-93 тіркелген, 2008 жылғы 2 сәуірдегі "Нива" газетінде жарияланған аудан әкімдігінің 2008 жылғы 1 мамырдағы "Павлодар ауданы әкімдігінің 2006 жылғы 15 ақпандағы "Аудан халқының нысаналы топтары туралы" N 54/2 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулыларының күші жойылды деп с а н а л с ы н .

9. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Ш.Шәмкеноваға жүктелсін.

Аудан әкімі *Т. Бастенов*
Павлодар ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 12 ақпан
N 23 / 2 қаулысына
1 қосымша

Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі

Ескерту. 1-қосымша 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 тармақтарымен толықтырылды - Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2010.01.28 N 7/1 қаулысымен.

1. 50 жастан жоғары азаматтар.
2. Медициналық–бақылау комиссиясының анықтамалары бойынша еңбекте шектеулері бар адамдар.
3. Жалғыз басты жұмыссыз азаматтар.
4. Интернационалист жауынгерлер.
5. Мүгедектігі алынып тасталғаннан кейінгі тұлғалар.
6. Жанұяларында бірде жұмыс істейтін жұмыссыздар.
7. Жалпы білім беру мектеп, орта білім беру мекеме, жоғарғы және жоғарғыдан кейінгі білім беру мекеме тұлғалары.
8. Заңды тұлға - жұмыс берушінің жойылуына, жеке тұлға - жұмыс берушінің қызметінің тоқталуына, жұмыскерлердің саны немесе штатының қысқартылуына байланысты босатылған тұлғалар.
9. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және балаларға арналған жәрдемақы алатындар.
10. Ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген жұмыссыздар.

Павлодар

ауданы

әкімдігінің

2009

жылғы

12

ақпан

№

23/2

қаулысына

2 қосымша

Нысаналы топтардың ішінен жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұсынатын жұмыс берушілерді ІРІКТЕУ ТӘРТІБІ

1. Жұмыс беруші әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін тапсырыс б е р е д і .

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруын ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу кезінде, уәкілетті орган келесі қажеттіліктерге ұстануы қажет :

кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, еңбекақыны уақытында төлеу, жұмыс орнының қауіпсіздік техника нормасына сәйкес болуы, кәсіпорында Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі нормасын сақтау, уәкілетті органмен шарт мерзімі өткеннен кейін әлеуметтік жұмыс орындарына бағытталған жұмыссыздарға тұрақты жұмыс орындарын жасауға мүмкіндік алады.

3. Жұмыс беруші уәкілетті органмен әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін шарт жасасады. Шартта жақтардың міндеттері, түрлері, жұмыс көлемі, еңбекақының шарттары мен мөлшері, әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыру көздері мен мерзімі, жіберілетін жұмыссыздардың саны. Жұмыс мерзімді болып келеді және оның ұйымдастырылуына вакансия мен тұрақты жұмыс орындары қолданыла алмайды.

4. Уәкілетті орган аудандағы халықтың нысаналы топтарының жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін бағыттама береді.

5. Жіберілген жұмыссызды әлеуметтік жұмыс орнына қабылдайды, қауіпсіздік техника нормасына сәйкес жұмыс орнын береді.

6. Ағымдағы жылдың 20 күніне дейін ай сайын аудандық бюджет қаражытынан уәкілетті органға жұмыс берушілер еңбек ақы бойынша шығындарды өтеу үшін тиісті тәртіпте: жұмысқа қабылдау жөнінде бұйрықтан жазылым, жұмыс уақытын есептеу табелін, әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған қызметкерлер жөнінде есеп беру және істелінген жұмыс актісі.

7. Аудандағы халықтың нысаналы топтарының жұмыссыз азаматтарды әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу тәртібін орындау уәкілетті органға жүктеледі.

Ауданның нысаналы топтар ішінен жұмыссыз азаматтарға жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуымен қаржыландыруы жөніндегі нұсқаулық 1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық нысаналы топтар ішінен жұмыссыз азаматтарға жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды, әлеуметтік жұмыс орындарын беретін және ұйымдастыратын жұмыс берушілермен есептесу жүйесін және негізгі шарттарды р е т т е й д і .

2. Әлеуметтік жұмыс орындарына жұмысқа орналасқан жұмыссыз азаматтардың еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек, зейнетақымен қамтамасыз ету және сақтандыру туралы Заңымен реттеледі.

3. Осы Нұсқаулықта қолданалатын негізгі түсініктер:

1) Әлеуметтік жұмыс орны – аудан бюджеті есебінен шығындалған, жұмыс берушімен қабылданған жұмыскерлердің еңбекақы жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкелетті органдарда тіркелген нысаналы топтар ішінен жұмыссыз азаматтарды жұмысқа орналасу үшін жұмыс берушілермен әдейі құрылған және б е р і л г е н ж ұ м ы с о р н ы .

2) Нысаналы топтар – жұмысқа орналасуда қиындық көретін және әлеуметтік қорғауды керек ететін топтар.

4. Жұмыссыздарды әлеуметтік жұмыс орындарына бағыттауды уәкілетті орган – Павлодар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүзеге асырады (әрі қарай уәкілетті орган).

2. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және оларға жұмыссыздарды жұмысқа орналасу тәртібі

5. Нысаналы топтар ішінен жұмыссыздарға әдейі әлеуметтік жұмыс орындары уәкілетті орган мен жұмыс берушімен жасалған шарттар бойынша әлеуметтік жұмыс орындары ұйымдастырылады.

6. Халықтың нысаналы топтар ішінен жұмыссыздарға жұмысқа орналасу үшін әлеуметтік жұмыс орындары кәсіпорындармен және ұйымдармен құрылады және ұйымдармен құрылады және қамтамасыз етіледі, осы жұмыс орындарына қабылданған аудан бюджетінен толық немесе жарым жартылай еңбекақы төлеу

ш а р т ы м е н .

7. Әлеуметтік жұмыс орындарының ұйымдастырылуын ұсынытын кәсіпорындарды іріктеу уәкілетті орган жүргізеді.

3. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыру шарттары мен көздері

8. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыру көздері: жұмыс берушілердің қаражаттары; аудан бюджетінен.

9. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыруы жергілікті бюджет қаражатынан "Жұмыспен қамту бағдарламасы" 002 бағдарламасы бойынша "Халықты жұмыспен қамту саласындағы азаматтарды әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шарттар" 102.

10. Жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті орган аудан бюджеті қаражаты есебінен, әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған, жұмыскердің еңбекақы бөлігінің орнын толтыру бойынша жұмыс берушілердің шығындары әлеуметтік жұмыс орнына жұмыс берушілермен шарт жасасады.

11. Әлеуметтік жұмыс орындарына қабылданған жұмыскерлердің бюджеттік қаражаттың еңбекақы бөлігі жұмыс берушінің есеп шотына түседі.

4. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыруы мен ұйымдастырылуын бақылау

12. Әлеуметтік жұмыс орындарының қаржыландыруы мен ұйымдастырылуы бойынша осы нұсқаулықтың сақталуын бақылау заңдық тәртіпте белгілеуі бойынша мемлекеттік органдармен жүзеге асады.